

## Республикада медициналық аспаптар, құралдар мен жабдықтар шығаруды дамыту жөніндегі шұғыл шаралар туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 3 шілде 1992 ж. N 577. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

Республикада денсаулық сақтау саласы мен халықты осы заманғы аспаптармен, құралдармен және жабдықтармен қамтамасыз ететін медициналық аспаптар өнеркәсібін құру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Экономика жөніндегі мемлекеттік комитеті, Денсаулық сақтау министрлігі мен Өнеркәсіп министрлігі әзірлеген медициналық аспаптар, жабдықтар және құралдар өндірісін дамыту жөніндегі республикалық кешенді бағдарламалар мақұлдансын.

"Медқұрал" ассоциациясының (Қазан қаласы), "Меджабдық" ғылыми-өндірістік бірлестігінің (Мәскеу қаласы) және Медицина жабдықтары мен құралдарын жасау ғылыми-зерттеу институтының медициналық аспаптар, жабдықтар мен құралдар өндіру жөніндегі бағдарламалардың бас атқарушылары болуға келіскені және олардың технологиялық жабдықтар, материалдық-техникалық ресурстар берілімі және медициналық ғылыми-техникалық орталықтар ұйымдастыру жөнінен Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігімен келісіп, кәсіпорындарға көмек көрсету шараларын қолданатыны ескерілсін.

2. Қазақстан Республикасының Экономика жөніндегі мемлекеттік комитеті, Өнеркәсіп министрлігі республиканың емдеу-профилактика мекемелері мен халқының Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі анықтаған сұранысының негізінде республиканың кәсіпорындарында, бірлестіктерінде, ұйымдары мен басқа да шаруашылық жүргізуші субъектілерінде медицина техникасын өндіруді үйлестіретін болсын.

3. Қазақстан Республикасының Экономика жөніндегі мемлекеттік комитеті 1993 жылда және одан кейінгі жылдарға мемлекеттік тапсырысты қалыптастырған кезде қосымшаға сәйкес көлемде және номенклатурада медициналық аспаптар, жабдықтар мен құралдар өндіруді ескерсін.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі медициналық аспаптар, жабдықтар мен құралдар өндіру жөніндегі республикалық бағдарламаларды жүзеге асыру үшін жыл сайын нысаналы қаржы бөлінуін көздесін.

5. Қазақстан Республикасының Материалдық ресурстар министрлігі медициналық аспаптар, жабдықтар мен құралдар шығаратын заводтар мен басқа кәсіпорындарды Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті белгілеген өнімдер номенклатурасы бойынша материалдық-техникалық ресурстармен қамтамасыз етсін.

6. Қазақстан Республикасының Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігі, Экономика жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігімен бірлесіп, жыл сайын нысаналы түрде импорттық материалдар, құраушы бұйымдар мен технологиялық жабдықтар сатып алуды көздесін.

7. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп министрлігі, Автомобиль, трактор, ауыл шаруашылығы машиналарын жасау және сервистік қызмет көрсету Қазақ мемлекеттік корпорациясы, Қорғаныс кешенінің электротехникалық және машина жасау кәсіпорындары Қазақ мемлекеттік корпорациясы, Қорғаныс кешенінің электротехникалық және машина жасау кәсіпорындары Қазақ мемлекеттік корпорациясы, Атом энергетикасы мен өнеркәсібі кәсіпорындары Қазақ мемлекеттік корпорациясы Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігімен бірлесіп, алдағы уақытта өздерінің қарамағындағы кәсіпорындарда шығару үшін медициналық аспаптар, жабдықтар мен құралдардың номенклатурасын қайта қарасын.

8. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп министрлігі Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігімен бірлесіп, Қазақстан Республикасының территориясында орналасқан өнеркәсіп орындары, ассоциациялар, шағын және бірлескен кәсіпорындар, кооперативтер мен басқа да ұйымдар шығаратын медициналық аспаптарды, жабдықтар мен құралдарды техникалық сынақтан өткізудің бірыңғай тәртібін белгілесін.

Оралдағы "Омега" құралдар жасау заводының, "Ақтөберентген" өндірістік бірлестігінің өздерінің базасында медицина техникасының жаңа бұйымдарын әзірлеу мен сынау жөніндегі ғылыми-өндірістік орталықтар құру жөніндегі ұсыныстары қабылданын.

9. Қазақстан Республикасының Экономика жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп министрлігімен, Денсаулық сақтау министрлігімен, Мемлекеттік бас салық инспекциясымен бірлесіп, Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесіне енгізу үшін медицина техникасын өндірумен шұғылданатын кәсіпорындарды, бірлестіктер мен шаруашылық жүргізуші субъектілерді қосылған құнға салынатын салықтан босату және жеңілдік беретін салық белгілеу жөнінде ұсыныстар әзірлесін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинетінің  
1992 жылғы 3 шілдедегі  
N 577 қаулысына  
Қосымша

**Медицина аспаптарын, жабдықтары мен приборларын  
шығаратын кәсіпорындар үшін 1993 жылға арналған  
Т а п с ы р м а  
(Кесте)**

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК